

Абдрасилова Г.Л., Янгабаева М.

Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати, Казахстан

Сөздік қорды байыту - тіл дамыту жұмысының негізі

Қазіргі заманда өз ойын анық айта алатын, шешен сөйлей білетін ұрпақ тәрбиелеп өсіру - бүгінгі күн ұстаздарының алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Заманымыздың заңғар жазушысы, ғасыр ғұламасы атанған М.Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім», – деген сөзінің маңызы ешқашан жойылмақ емес, себебі кез-келген мемлекет мәдениетінің даму деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалдық қуатын айқындайтын бірден бір көрсеткіш-білім берудегі жүйелілік және сапалылық.

Оқушының ой-өрісінің, сана-сезімінің жан-жақты дамуы бастауыш сыныптан басталады. Бастауыш сыныпта оқушылардың тіл орамдылығын арттырып, өмірге көз қарасын қалыптастырса, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байытады. Балаларды жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді. Біздің жарқын болашағымыз – өскелең жас ұрпақтың біліктілігімен байланысты. Жас ұрпақ-өркениетті тәрбие шуағына шомылса ғана, білім нәрімен сусындаса ғана мемлекетіміздің көсегесі көгереді, егеменді ел баянды болады. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ екені ақиқат. Қазіргі таңда оқыту мен білім беру саласы оқушылардың жеке басын дамыту мен сапалы білім беру мақсатында оқытудың жаңа мазмұнын, тиімді әдістерін үнемі іздестіруді талап етіп отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын дамытып, сөз мәдениетін қалыптастыру жұмысы жүйесіз, негізсіз, бағытсыз кездейсоқ іске асырылмайды. Бастауыш сынып кезеңі – баланың қалыптасатын кезеңі. Олай болса, тіл тазалығы, ой дәлдігінің атадан балаға мирас болып келетінінің бірі. Сөздік қор әдетте 5 жастан бастап барынша молаяды. Бала тілінде синоним, антоним, бейнелеуіш сөздер пайда болады да, еш қиындықсыз зат есімдерге жұрнақтар қосып, сөздерді түрлендіре айта алады. Кішкентайынан сөздік қорын байыту үшін сұраққа толық жауап беріп, қате айтса, жіберген қателерін қайтып

қайталамайтындай етіп түзетіп отыру. Ертегі, әңгіме, өтірік өлеңдер шығаруларын қолдау керек. Өтірік өлең, жаңылтпаш баланың тілін сындыруға, дыбыстарды дұрыс айтуға мәжбүрлейді, кейіннен 2,3 сыныпта баланың тілі, сөздік қоры жақсы дамиды.

Оқулықтарында берілген тапсырмаларынан басқа қосымша тапсырмалар қолданылады. Мысалы бейнесөз шешу, мәтінді аяқтау, «Мақалды тауып оқы», «Керекті сөзді тап», «Қандай әріпті жоғалттым» және тағы басқалары. Заттың атын білдіретін сөздерді өткенде «Кім тез табады?» ойыны сабақ соңында ойналады. Берілген шашыранды әріптерден атақты адамдардың есімдерін құрастыру.

Тіл байлығын дамытуда қиял, ұшқыр ой қалыптастыру қажет. Мұнда оқушыға ертегі, әңгімені жалғастырып айту және аяқтау тапсырылады. Оқушы қиялға ерік бере отырып оқиғаны жалғастыра отырып шығармашылық жұмыс істейді. Өз бетінше іздену-шығармашылық және өз ойын жеткізе алудың көзі. Берілген тапсырманы түрлендіру бойынша жұмыс түрлерін, мысалы мәтінді өңдеу, диалог құрастыру, өз ойынан өлең, ертегі, әңгіме құрастыру да оқушының ойы арқылы тілін дамыта түседі.

Тіл дамыту мәселесі - күрделі әрі ұзақ жүргізілетін процесс, сондықтан бастауыш сыныптарында тіл дамыту жұмыстарының алдына белгілі бір мақсат қойылады. Тіл дамыту жұмысын белгілі тақырыптарға негіздей отырып, мұғалім тілдік процестің төмендегідей басты мәселелерін үйретуді мақсат етуі керек.

Ол мәселелер мыналар: белгілі бір тақырыпты оқытуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, мәтінде кездесетін жаңа сөздерді үйрету, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларын меңгерту, ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе білуге дағдыландыру, сөз бен сөзді байланыстыруға, сөйлем құрауға үйрету.

Тіл дамыту жұмысында сөздікпен жұмыс істеудің үлкен мәні бар. Сөздік - тілге қажетті материал. Қай тілді үйренбейік, алдымен оның сөздік қорын меңгеру қажет. Бастауыш қазақ сыныбында сөздікпен жұмыс істеуге үйретудің

маңызы зор, себебі, қазақ тілі - олардың ана тілі болғанымен де, кішкентай балалардың тілдік қоры өте аз, оны байыту мұғалімнің маңызды ісінің бірі болып есептеледі.

Мектепте оқушының сөздік қоры екі түрлі жағдайда байып, толығып, жетілдіріп отырады; бірі - сөзді активті қолдану, екіншісі - сөзді пассивті қолдану. Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша әрі жазбаша, дәл, жүйелі, ықшамды етіп жеткізуіне қиындық келтіреді.

Сондықтан сабақта сөздік жұмысын, сөздікпен өткізетін жұмыстың дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Біріншіден, ол оқушылардың сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден, үйренген сөздерін қатесіз сауатты жазуға бейімдейді, үшіншіден, сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасында сөйлеп үйренеді, төртіншіден, анықтама құралдармен жұмыс істеуге дағдыланады.

Оқыған әдеби кітаптарын тағы басқа оқиганы өз сөзімен айтуға дағдыландыру - тіл дамыту тәсілдерінің бірі. Халықтың қанатты сөздерін оқыту, оның мағынасын түсіндіру жақсы әдетке үйретіп, жаман қылықтардан жирендіреді.

Бүгінгі ұстаз қауымы тіл дамытудың әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, шәкірттеріне тіл маржанын тергізеді. Ол үшін тіл дамыту сабақтарын шығармашылықпен жүргізіп, туған тілден сырлы сазды табайық. Тілді дамытып оқытуды өне бойы өмір серік етіп алғанымыз жөн.

Әдебиеттер:

1. Абдрасилова Г.Л., Атаханова Д.Б. Обучение родной речи в начальных классах по обновленному содержанию образования// Социальные и гуманитарные науки в XXI веке. Итоги, вызовы, перспективы: Сборник научных трудов Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, посвященной Дню российской науки «Социальные и гуманитарные науки в XXI веке: итоги, вызовы, перспективы», г. Санкт-Петербург, 27 февраля 2020 года. Часть 2 / Ассоциация «НИЦ «Пересвет». – СПб.: «Фора-принт», 2020. – 26-31 с. ISBN 978-5-903187-35-5